



Бекітемін

Жақия Шайжүнісов атындағы
электронды колледжінің директоры

А.А. Сарсембаева

«01» қыркүйек 2019ж.

ЖМ «Жақия Шайжүнісов атындағы электронды колледжі» студенттері үшін ішкі тәртіп ЕРЕЖЕСІ

Оқу және тәрбие жұмысының сапасын көтеруге, оқу уақытын толық қолдануға, оқу ережелерімен дұрыс қамтамасыз ету, тәртіп сабақпен бірдей бекітілген студенттердің осындай ішкі тәртіп ережесі бар.

1. Негізгі ереже

1.1. Әдеп - қоғамдағы адамның тәртіп ережесінің жинағы, әртүрлі дәрежелі әлеуметті, интеллектуалды мәртебелі адамдармен ара қатынасы. **Әдеп** – өнегелі мәдениет және әсемдік пен әдеміліктің бір бөлігі, сонымен қатар сыпайылық, мәдениет және зиялылықпен байланысты.

Әр салада адамның моральдық көркін анықтайтын және адамның эстетикалық даму деңгейіне байланысты әдеп тәртібін құрайтын тілдесудің тұрақты ережелері болады. Осыдан сен жастық студенттік өмірінде қоғамдағы тәртіп дағдыларын қаншалықты меңгересің, колледж бітіргеннен кейінгі сенің өз еркінмен өмір сүруің осыған байланысты болады. Колледж студенттердің оқудағы және өмірінің негізгі сәттері тәртіп ережелерінде көрсетілген. Студенттің өз өмірін ақыл мен қабілеттілікпен ұйымдастыруы, адамдармен ара қатынасы, сонымен қатар оның жалпы мәдениетінің дамуы жауапкершілікпен орындауы болмақ.

1.2. Колледждің оқу ғимараты - бұнда студенттер оқу сабақ үрдісі бойынша болашақ мамандықтары үшін дағдыланып білім алады. Осында оның жеке тұлғалық ерекшеліктері қалыптасады.

Оқу – тәрбие тапсырмаларының тиімді орындалуы көбінесе әрбір студенттің орындау тәртіп ережелеріне байланысты.

2. Студенттердің негізгі құқығы және міндеттері

2.1. Студенттердің әдепі, оқу үрдіс ережесін сақтау

Студент міндетті:

- Сабақтың басталуына 10-15 минут қалғанда колледжде болуға;
- колледжге кірер алдында аяқ киімін тазалауға;
- кезекші әкімшілікке, оқытушы және вахтерға сәлемдесуге;

Колледжге кіргеннен кейін ұл балалар бас киімдерін шешу керек. Бұл қоршаған ортасына және білім алатын оқу мекемесіне де құрметі. Уақтылы сыртқы киімді (пальто, куртка, плащ) киім ілгішке өткізу керек. Бұл студенттің іскерлік көңіл күйіне және жинақы жүруі үшін маңызды.

Студенттер оқу кестесі бойынша оқу аудиторияларына барады.

Сатымен көтерілген кезде студенттер үлкендерге, қыз балаларға және қарсы түсіп келе жатқан адамдарға жол беру керек. Осындай ережелерді сақтау әр студенттің міндеті.

Оқу ғимаратында шылым шегуге, жүгіруге, ойнауға болмайды.

Сабаққа кешігу, себепсіз сабақ босату - бұл ұжымға, топқа, оқытушыға және өзіне деген құрметсіздігі. Кешіккен студенттер оқу бөлімі мен кезекші әкімшіліктің жазбаша рұқсатымен ғана сабаққа кіреді. Студенттердің себепсіз сабақ босатулары анықтама немесе құжатпен дәлелденеді. Босатқан сабақтарды студенттер өтеу керек. **Егер білім алушы 10 күн (алпыс сағат) себепсіз сабақ босатқан болса, педагогикалық кеңес шешімі бойынша оқудан шығарылады.**

Студенттер оқытушыны тұрып қарсы алады және оқытушының рұқсатымен орындарына отырады. Білім алушылар сабақ үстінде оқытушының оқу жоспары бойынша қойылған барлық талаптарын орындаулары керек. Білім алушылар педагогикалық ұжымның, қызметкерлердің, студенттердің **ары мен намысын, сонымен қатар колледж салтын сыйлауға міндетті.**

Педагогтің, қызметкердің ары мен намысын қорлаған жағдайда педагогикалық кеңестің шешімімен білім алушы қатарынан шығарылады.

Мекеменің тәртібімен тазалығы әрбір студенттің борышы.

Кезекші студент сабақ басталар алдында аудиторияны қабылдап, аудиториядағы тазалықты және мүліктің сақталуын тексеріп алады. Сабақ аяқталғаннан кейін аудиторияны тазалап, кезекшіге тапсырады. Студенттің есінде болу керек: оқытушы таза аудиторияда сабақты жүргізетіндігі және оқу жұмысы үшін қажетті бор, шүберек болу керектігі. Оқу ғимараты бойынша айына бір рет жалпы тазалық өткізіледі. Жұмыс орындарын тәртіппен қамтамасыз ету үшін (жалпы тазалық өткізу) айдың соңы сенбі күні санитарлық күн болып бекітілген.

2.2. Студенттердің сыртқы келбеті.

Колледж студенттеріне тек қана мұлтаздай киінуге рұқсат етілген, әдептілік нормаға сәйкес. Студенттердің негізгі талаптары тазалық, мұнтаздай киіну, сыпайылық және жинақтылық. Студенттердің киімімен қатар шаштың қиылуы да іскерлік оқу үрдісіне сәйкес болу керек.

Студент сыртқы киіммен және сыртқы келбеті колледждің ішкі ережелеріне сәйкес келмесе сабаққа кіргізілмейді. Колледжге ұялы телефон және бағалы заттармен ақша әкелуге болмайды. Осы айтылған заттар жоғалған жағдайда әкімшілік жауапқа тартылмайды.

2.3. Конспект жүргізу

Сабақ үстінде әрбір студент ықыласпен, жинақтылықпен конспект жазды. ТСО және компьютерлік жұмыс бойынша инструкцияны дұрыс жазуды қатаң сақтау керек. Конспект әдемі, таза, жолмен және анық жазумен жазылу керек. Конспектіде сабақтың күні және тақырыбы, терминдер мен түсініксіз сөздер жазылады. Қате жазулар бір сызықпен сызылады. Оқытушылар немесе оқу бөлім қызметкерлерінің сұранысы бойынша конспект тексеріліп, ескертулер қарастырылады.

2.4. Кітапхана және колледж мүліктерін сақтау

Колледж мүліктерін сақтау әрбір студенттің міндеті болып табылады. Барлық студенттер өзінің әр затына және айналасындағы әрбір нәрсе ұқыптылықпен қарау керек. Кітапхана және оқу залындағы, аудиториядағы жұмыс орнының тазалығына әрбір студент жауап береді. Кітапханада тәртіп ережелерін сақтау: тыныштық сақтау, оқу залынан рұқсатсыз кітап және журналдарды алға тыйым салынады. Егерде

мүлікті білім алушысы сындырған болса, қайта қалпына келтіру және жөндеу студенттердің есебінде немесе студенттердің күшімен жөнделеді. Қолға берілген оқулықтарды ұқыпты ұстап және тыстау керек. Барлық студенттер оқулықтарды жыртыпай, беттерін бүктемей және белгілеп сурет салмай кітапты сақтау керек.

3. Студенттердің оқу тәртібі

Оқу күні кезекші топтардың лездемесімен сағат 8. 00 басталады.

Кезекші топ, топ жетекшісі және әкімшіліктің кезекшілік міндеті 7.50-те басталады.

Оқу ғимараты бойынша топтың кезекшілік кестесі оқу бөлімімен құрастырылып және директормен бекітіледі.

Сабақ сағат 8.30- да басталады.

Студенттердің ғимаратқа кіру уақыты 8.15-те.

Әрбір сабақтың басталуына 3 минут қалғанда ескерту қоңырауы соғылады.

Ескерту қоңырауы 8.27 соғылады.

Ескерту қоңырауынан кейін оқушы және студенттер оқу аудиториясында сабаққа дайындалады. Сабақ аяқталғаннан кейін кезекшіден басқа барлық студенттер аудиториядан шығады. Кезекші топтың міндеті аудиторияны желдету және қоңырау кезінде мүлікті сақтаумен қамтамасыз ету.

Сабақ үстінен әр түрлі шараларға (жарыс, дайындық) студенттер колледж әкімшілігінің рұқсатысыз босатылмайды. Сыныптан тыс шаралар колледж директорымен бекітілген жоспар бойынша өткізіледі.

Мүлікті сақтаумен қамтамасыз ету мақсатына әрбір оқу аудиторияларында студенттерге тұрақты жұмыс орыны бекітіледі.

4. Оқудағы жетістіктері үшін мадақтау

4.1 Үздік және жақсы оқыған, үлгілі тәртібі, колледждің қоғамдық жұмыстарына белсене қатысқан. Конференция, олимпиада, колледжішілік конкурстағы жетістіктері үшін және колледжде студенттерді марапаттау мынандай формада:

- алғыс айту;
- алғыс хат табыс ету;
- мақтау қағазымен марапаттау;
- бағалы сыйлықтармен марапаттау.

4.2 Мадақтау туралы колледж бұйрығында жазылған, студенттерге хабарланып және ата аналарға арналған хат дәптерінде мінездеме арқылы жазылады.

Колледж студенттері үшін ереже, тәртіп бәріне бірдей және барлық студенттер орындауға міндетті.

Ереженің сақталуын бақылау әкімшілік және педагогикалық ұжымға жүктелген.

Ереже педагогикалық кеңес отырысында және мақұлдаған 29 тамыз 2019ж.